

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Батыс Қазақстан облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы" 2022 жылғы 28 ақпандағы № 26 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 217 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 қыркүйекте № 7250-07 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Батыс Қазақстан облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы" 2022 жылғы 28 ақпандағы № 26 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27008 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі осы қаулының Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Батыс Қазақстан облысының әкімі*

*Н. Турегалиев*